

БЕКІТІЛДІ
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2021 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 11 хаттама)

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
білім бағдарламалары бойынша оқу ақысына жеңілдіктер ұсыну туралы
ереже**

Нұр-Сұлтан қ., 2021 ж.

1. Қолдану саласы

1. Осы «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ білім бағдарламалары бойынша оқу ақысына жеңілдіктер ұсыну туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) студенттер мен магистранттардың оқу ақысын төлеуде конкурстық негізде жыл сайынғы жеңілдіктер беру шарттары мен тәртібін айқындау мақсатында әзірленді.

2. Осы Ереже шеңберінде көрсетілетін жыл сайынғы жеңілдіктерді ұсыну «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ-ның (бұдан әрі – Университет) білім деңгейі жоғары, талантты білім алушыларды, сондай-ақ әлеуметтік қорғалмаған және аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттер мен магистранттарды жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ынталандыратын ерікті бастамасы болып табылады.

3. Ереже білім алушыларға жеңілдіктер беру тәртібі мен рәсімін анықтау мақсатында Университеттің ішінде пайдалануға арналған.

4. Ереже «Басқару және қаржыландыру жүйесінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру» 5-стратегиялық бағыты шеңберінде ақылы негізде білім алатын студенттер мен магистранттарға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында Университеттің 2021-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясының міндеттерін іске асыру мақсатында әзірленген.

5. Білім алушыларға жеңілдіктер демеушілік көмек, жұмыс берушілер қаражаты, университеттің өз қаражаты есебінен, соның ішінде таза табысты білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсетуге жұмсау туралы Директорлар кеңесі оң шешім қабылдаған жағдайда алдыңғы кезеңнің қорытындысы бойынша таза табыс есебінен беріледі.

2. Нормативтік сілтемелер

6. Ереже Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Университет Жарғысына сәйкес әзірленді.

3. Терминдер және анықтамалар

7. Ережеде келесі терминдер мен ұғымдар қолданылады:

1) **Білім алушылар** – ақылы негізде оқитын студенттер немесе магистранттар.

2) **Аз қамтылған тұлғалар (отбасылар)** – жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен тұлғалар (отбасылар).

3) **Жеңілдіктер** – білім деңгейі жоғары, таланты бар, сондай-ақ әлеуметтік қорғалмаған және аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушыларға Университет бекіткен білім беру қызметтерінің толық емес құнын төлеу мүмкіндігін беру.

4) **Жеңілдіктерді тағайындау жөніндегі Комиссия** (бұдан әрі – Комиссия) – білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеу бойынша

жеңілдіктер беру үшін білім алушылардың тізімін қарау және бекіту мақсатында Университеттің Басқарма төрағасы-ректорының бұйрығымен құрылған 5 және одан да көп адамнан, оның ішінде комиссия төрағасы мен хатшысынан тұратын жұмыс тобы.

4. Жеңілдіктер беру тәртібі

8. Ақылы негізде оқитын білім алушылар жеңілдіктер алуға үміткер болуға құқылы.

9. Жеңілдіктер Ереженің 23-тармағында көрсетілген санаттардың бірі бойынша ғана ұсынылады, және бірге есептелмейді.

10. Жеңілдіктер білім алушыларға бір оқу жылына беріледі.

11. Жеңілдіктерге өтініш беру әрбір оқу жылының 1 қыркүйегі мен 25 қыркүйегі аралығында жүзеге асырылады.

12. Жеңілдік алуға үміткер білім алушылардың өтініштерін факультет деканаттары қабылдайды және факультет Кеңестерінің отырыстарында қаралады.

13. Факультет Кеңесі Ереженің 23-тармағына және 1-қосымшасына сәйкес жеңілдік алуға білім алушылардың тізімін жасайды.

14. Ағымдағы оқу жылының 25 қазанынан кешіктірмей факультет Кеңесінің Хатшысы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес жеңілдіктерді алуға білім алушылардың тізімін, факультет Кеңесі отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені Комиссия хатшысына береді.

15. Комиссия хатшысы Комиссия мүшелерін отырыстың күні мен орны туралы хабардар етеді.

16. Комиссия отырысында комиссия хатшысы оқу ақысын төлеуге жеңілдіктер беру үшін факультеттер Кеңесі ұсынған білім алушылардың тізімін жария етеді, дауыс беру құқығынсыз комиссия отырысының хаттамасын рәсімдейді.

17. Комиссия төрағасы жұмысты жоспарлайды, отырыс өткізеді және Комиссия шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

18. Комиссия отырысы ағымдағы оқу жылының 25 қарашасынан кешіктірілмей өткізіледі.

19. Комиссия өз шешімімен отырыста білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеу үшін жеңілдіктер берілетін білім алушылардың тізімін бекітеді.

20. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданды деп есептеледі. Дауыстар саны тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

21. Комиссия хаттамасының негізінде білім алушыларға білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру туралы Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығы шығарылады.

22. Білім алушыларға жеңілдіктер білім беру қызметтерін көрсету туралы негізгі келісім-шартқа қосымша келісіммен рәсімделеді.

5. Санаттар бойынша жеңілдіктер беру шарттары

23. Санаттар бойынша білім алушыларға оқу ақысының 10, 15, 20, 30 пайызы мөлшерінде жеңілдіктер беріледі:

1) оқу ақысының 10% мөлшеріндегі жеңілдік – республикалық олимпиадалардың, ғылыми және шығармашылық конкурстардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздарына; ғылыми жұмыстардың авторларына, оқу үлгерімі жоғары (А, А-, В+, В, В-) білім алушыларға; Университеттің қоғамдық өміріне қатысатын белсенділерге;

2) оқу ақысының 15% мөлшеріндегі жеңілдік – аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушыларға; Университетте бір уақытта ақылы негізде білім алатын білім алушылар – бір отбасынан шыққан балаларға; білім алушылар – Ауғанстандағы әскери іс- қимылдарға қатысушылардың балаларына;

3) оқу ақысының 20% мөлшеріндегі жеңілдік – халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарына; интернат және балалар үйлерінің түлектеріне; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қамқорлыққа алынған білім алушыларға; білім алушылар – Университетте кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар Университет қызметкерлерінің балаларына;

4) оқу ақысының 30% мөлшеріндегі жеңілдік – мүгедек білім алушыларға.

6. Жеңілдіктер беруді тоқтату тәртібі

24. Жеңілдіктер беру келесі жағдайларда тоқтатылады:

1) білім алушының өз қалауы бойынша оқудан шығуы немесе ауысуы;
2) білім алушының немесе оның заңды өкілінің жеңілдіктертен бас тартуы;

3) академиялық қарыздың болуы және оқу кезеңінде С, С+, С-, D+, D бағаларын алуы;

4) білім алушының қайтыс болуы;

5) білім алушылардың қасақана жалған ақпарат және дұрыс емес (жалған) құжаттар беруі;

6) білім алушының оқу үлгерімі, Университеттің қызметтері үшін келісім-шарт бойынша төлем жасамау, тәртіп немесе құқық бұзушылық жасағаны үшін оқудан шығуы.

7. Жеңілдік алушылардың санатқа сәйкестігін растайтын құжаттар

25. Өтініштерді қарау үшін барлық санаттағы білім алушылар тиісті факультеттің деканатына келесі құжаттарды тапсырады:

1) жеке куәліктің көшірмесі;

2) Университетпен ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім-шарттың көшірмесі;

3) барлық оқу кезеңі үшін оқу ақысын төлегені туралы түбіртектердің көшірмелері;

4) Университеттің барлық оқу кезеңіндегі транскриптің түпнұсқасы. (1-курс білім алушыларын қоспағанда);

26. Ереженің 25-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, білім алушылар санатқа сәйкестігін растайтын келесі құжаттарды тапсырады:

1) оқу үлгерімі жоғары білім алушылар (А, А-, В+, В, В-), Университеттің қоғамдық өміріне қатысатын белсенділер – грамоталар, алғыс хаттар, мақтау қағаздары және өзге де құжаттар;

2) халықаралық, республикалық олимпиадалардың, ғылыми жарыстардың жеңімпаздары, ғылыми жұмыстардың, спорттық жарыстардың, шығармашылық байқаулардың авторлары – сертификаттар, дипломдар, куәліктер, басылымдар және басқа да құжаттар (оқу кезеңінде алынған);

3) интернат және балалар үйінің түлектері – интернат немесе балалар үйі түлегінің анықтамасы;

4) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қамқорлыққа алынған білім алушылар – ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктер не жергілікті атқарушы органдардың немесе соттың қамқоршыларды тағайындау туралы актілері;

5) мүгедек білім алушылар – мүгедектік туралы куәлік;

6) аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушылар – табысы туралы анықтама;

7) білім алушылар – Университетте кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар Университет қызметкерлерінің балалары – туу туралы куәліктің, еңбек келісім-шарттарының көшірмелері;

8) білім алушылар – Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының соғыс ардагерлері мен қатысушыларының балалары – туу туралы куәліктің көшірмесі, ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі, Ауғанстандағы ұрыс қимылдарына қатысушы куәлігінің көшірмесі;

9) бір уақытта ақылы негізде оқитын бір отбасынан шыққан білім алушылар – балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері, балалардың жеке куәліктерінің көшірмелері, жоғары оқу орындарымен ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім-шарттардың көшірмелері, көрсетілген қызметтерге ақы төлеу туралы түбіртектердің көшірмелері.

27. Комиссия өз қалауы бойынша білім алушының мәртебесін растайтын қосымша құжаттарды сұратуға немесе олардың дұрыстығын тексеруге құқылы.

8. Қорытынды ережелер

28. Ереже Университеттің Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

29. Университеттің Директорлар кеңесі енгізген өзгерістер мен толықтырулар Ереженің ажырамас бөлігі болып табылады.

30. Ережеде көзделген жекелеген шарттар қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті» КеАҚ
білім бағдарламалары бойынша оқу
ақысына жеңілдіктер ұсыну туралы
ережеге
1-қосымша

_____ факультетінің _____ оқу жылында
оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер берілетін білім алушылар тізімі

№	Т.А.Ә	Шифр, білім беру бағдарламасының / мамандықтың атауы	Курсы	GPA	Санаты (Ереженің 23 тармағына сәйкес)	Ата-ананың аты-жөні (Ереженің 26.7 тармағы үшін)	Жылдық оқу ақысы	Жеңілдіктер сомасы
1								
2								
3								

Факультет деканы _____ Аты-жөні, қолы